

"Атырау облысы құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Атырау облысы Атырау қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 12 мамырдағы № 1099 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабы 5-1-тармақшасына және 69-бабы 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес, Атырау қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Атырау облысы құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің (050140003056) өртке қарсы су құбырын жүргізу үшін берілген Атырау қаласы, Тұрғын үй қалашығы аумағында орналасқан көлемі 0,0837 гектар (ұзындығы 801,0 м) жер учаскесіне жер пайдаланушылардан және меншік иелерінен жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарусыз, 5 жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т.Махуовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Ш. Кейкин